


# АНТУАН ЛАВУАЗЬЕ

ҚАЗІРГІ ХИМИЯНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ



**Лин Ван Горп**

Жаратылыстану ғылымдарының магистрі

**Physical Science Readers:**  
**Антуан Лавуазье**  
**Қазіргі химияның негізін қалаушы**

**Publishing Credits**

**Editorial Director**

Dona Herweck Rice

**Creative Director**

Lee Aucoin

**Associate Editor**

Joshua BishopRoby

**Illustration Manager**

Timothy J. Bradley

**Editor-in-Chief**

Sharon Coan, M.S.Ed.

**Publisher**

Rachelle Cracchiolo, M.S.Ed

**Science Contributor**

Sally Ride Science

**Science Consultants**

Michael E. Kopecky,

Science Department Chair,

Chino Hills High School

Jane Weir, MPhys

***Teacher Created Materials Publishing***

5301 Oceanus Drive

Huntington Beach, CA 92649-1030

<http://www.tcmpub.com>

**ISBN 978-0-7439-0582-4**


© 2007 Teacher Created Materials Publishing

Reprinted 2009

# Мазмұны

Ғылымды өзгерту .....	4
Бастапқы кезең .....	6
Ғалым және еркін ойшыл .....	10
Маңызды жұмыс .....	14
Өзгеріс жасауға тырысу .....	20
Гильотинадағы өлім .....	24
Химик: Мэри Энн Фокс .....	26
Қосымша .....	28
Зертханалық жұмыс .....	28
Сөздік .....	30
Индекс .....	31
Sally Ride Science .....	32
Суреттер дереккөзі .....	32

# Ғылымды өзгерту



↑ Антуан Лоран Лавуазье

→ Лавуазье кітабының мұқаба беті

TRAITÉ  
ÉLÉMENTAIRE  
DE CHIMIE,  
PRÉSENTÉ DANS UN ORDRE NOUVEAU  
ET D'APRÈS LES DÉCOUVERTES MODERNES;

Avec Figures :

Par M. LAVOISIER, de l'Académie des Sciences, de la Société Royale de Médecine, des Sociétés d'Agriculture de Paris & d'Orléans, de la Société Royale de Londres, de l'Institut de Bologne, de la Société Helvétique de Basle, de celles de Philadelphie, Harlem, Manchester, Padoue, &c.

TOME PREMIER.



Антуан Лоран Лавуазье “қазіргі химияның негізін қалаушы” болып саналады. Көптеген ғалым өз зерттеулерімен есте қалды. Бірақ, Лавуазье ғылыми зерттеу тәсілін өзгертуімен ерекшеленді.

Лавуазье 1700 жылдары Францияда өмір сүрген. Сол заманда адамдар алхимияға сенді. Бұл ғылымның алғашқы түрі болды.

Алхимиктер ғылыми әдісті пайдаланбады. Ғылыми әдіс дегеніміз – бір тұжырымды дәлелдеу немесе жоққа шығару үшін жасалатын қадамдық зерттеу үдерісі.

Алхимиктер, керісінше, жұлдыздық үлгілер мен ежелгі философтардың ескі идеясын негізге алды. Алхимиктер қорғасын сияқты басқа металдардан алтын жасауға болады деп ойлады. Бұл дұрыс емес еді. Соған қарамастан көп адам оларға сенді.




### Сиқыр

Көптеген алхимиктер сиқыршы деп есептелді.

## Химия

Химия – заттардың құрылымын, құрамын және қасиеттерін зерттейтін ғылым. Әлемдегі барлық зат материядан тұрады.

Барлық заттар атомдардан құралады. Атомдар қосылып, молекулалар түзеді. Егер зат бірдей атомдардан тұратын болса, оны элемент деп атайды. Материя, оның барлық бөліктері, оның әрекеті және қалай жасалатыны - барлығы химияның бір бөлігі. Осының



↑ Молекула моделі бәрін химик ғалым зерттейді.



# Бастапқы кезең


1740 жылдары Парижде музыка, өнер және мәдениет танымал болды.

Жаратылыстану мен математикада жаңа идеялар байлардың арасында қызу талқыға түсетін. Байлар үшін өмір сүру қызықты болды. Кедейлердің жағдайы өте нашар еді.

Ал кедейлер үшін жоғары салық, тұрмыс жағдайдың төмендігі және денсаулық сақтау өте ауыр дәрежеде болды. Кедей болып туу өмір бойғы жоқшылық пен қиыншылыққа төзу деген сөз еді.

Антуан Лоран Лавуазье 1743 жылы 26 тамызда Парижде (Франция) дүниеге келген. Оның отбасы өте бай болған. Әкесі атақты заңгер болған. Оның анасы Франция парламентіндегі судьяның қызы болған. Парламент – елдегі заң шығаратын топ. Оның отбасы бай және бақытты өмір сүрді.





Өкінішке орай, Лавуазьенің анасы өте ерте қайтыс болды. Оның тәтесі Антуан мен әпкесі екеуін бағып өсірді. Тәтесі өз өмірін соларға арнады.

▲ Кедей кір жуушы әйелдер

▼ Версаль соты серуендеп жүр

